



Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 21 қазан N 1179. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1810 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны 122 адам болып қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне 3 орынбасар, оның ішінде министрдің бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ құрамы 13 адам санымен алқа ұстауға рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.
4. Департаменттер төрағаларының лауазымдық жалақылары бас басқармалар бастықтарының лауазымдық жалақылары деңгейінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 21 қазандағы
N 1179 қаулысына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі

орталық аппаратының ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Кадр саясаты бөлімі

Жиынтық ақпарат және жоспарлау бөлімі

Әлеуметтік саясат және қамсыздандыру басқармасы

Әлеуметтік серіктестік және еңбек нарығындағы белсенді
саясат басқармасы

Еңбекке ақы төлеу және ұйымдастыру басқармасы

Еңбек заңдары басқармасы

Халықаралық байланыстар бөлімі

Еңбек қорғау департаменті

Көші-қон департаменті

Қаржыландыру және бухгалтерлік есеп бөлімі

Іс басқармасы